

Ж.И. ИСАЕВА¹, Б.Т. ТАСПОЛАТОВ², Ю.А. НИШАНБАЕВА³

¹филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: zhazira.isaeva@ayu.edu.kz

²филология ғылымдарының кандидаты, доцент
М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті
(Қазақстан, Шымкент қ.), e-mail: taspolatov73@mail.ru

³Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистранты
(Қазақстан, Түркістан қ.), e-mail: nishanbaevva@mail.ru

М.Ж. КӨПЕЙҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҰРАСЫНДАҒЫ ЛИНГВОМӘДЕНИ БІРЛІКТЕРДІҢ ҰЛТТЫҚ СИПАТЫ

Аңдатпа. Мақалада ғұлама ақын атанған Мәшһүр Жүсіптің қайталанбас шығармашылығынан лингвомәдени бірліктердің тіл-танымдық өрісіндегі мән мен мазмұнның ұлттық сипаты қарастырылады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы туындыларынан қазақ халқының табиғи болмыс-бітіміне, ұлттық ойлау қалыбына, дәстүрлі дүниетаным моделіне тән сипат белгілерді айшықтап тұратын лингвомәдени бірліктерді анықтау қиындық тудырмайды. Қазақ елінің сол кезеңдегі қоғамдық-әлеуметтік, рухани-тұрмыстық жай-күйі, тыныс-тіршілігі мен мәдени өрісі, шаруашылық қам-қарекеті, әдет-ғұрпы мен дәстүр-салты, ойлау жүйесі мен саяси-қоғамдық таным-түсінігіне дейін жан-жақты қамтылған Мәшһүрдің жазба мұраларында әдеби-көркемдік әдіс-тәсілдердің небір тың үлгілері көрініс тапқан. Мәшһүр Жүсіп рухани шығармашылық мұрасын игеруде ұлттық мән-мазмұндағы лингвомәдени бірліктерді негізге ала отырып, халқымыздың талай жылдар тезінде қайрандап қалған ұлттық сападағы ғылыми ой кеңістігін, ұлттық санасын жаңғырту бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Жазушының еңбектеріндегі этномәдени бірліктерге сүйене отырып, анықталатын тілдік тұлға ұлттық таным көзқарас тұрғысынан зерделене келе нақты қорытындылар түйінделеді.

Лингвомәдениеттану – халық мәдениеті мен сол тілді қолданатын адамдардың лексикасының тілдік-мәдени ақпараттарын сипаттайтын, ұлттық мәдениетін өз сөйлеу тілі арқылы басқа халықтарға танытатын, ұлттық рух пен тілдің мәртебесін көтеретін, елдің тілдік мұрасын өз шыңына шығарып, болашақ ұрпаққа шыңдап жеткізетін, тілдік айғақтарды ұлттық белгіде жарата да, жарқырата да алатын ғылымдардың бірі болып табылады. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларындағы лингвомәдениеттанымдық моделдерді анықтау және осы ғылыми-зерттеу жұмысын жазу бізге қазіргі заман мәдениеті, этика, эстетика, этнолингвистиканы терең зерттеп көрсету және осы арқылы халықтың өзіндік сипатын

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Исаева Ж.И., Тасполатов Б.Т., Нишанбаева Ю.А. М.Ж. Көпейұлы шығармашылық мұрасындағы лингвомәдени бірліктердің ұлттық сипаты // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №1 (127). – Б. 87–96. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.07>

***Cite us correctly:**

Isaeva J.I., Taspolatov B.T., Nishanbaeva Yu.A. M.J. Kopeiuly shygarmashylyq murasyndagy lingvomadeni birlikterdin ulttyq sipaty [National Character of Linguocultural Units in the Creative Heritage of M.Zh. Kopeiuly] // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2023. – №1 (127). – B. 87–96. <https://doi.org/10.47526/2023-1/2664-0686.07>

таныту болашақ ұрпаққа тілдің бүкіл көркемдігі мен мән-маңызын жеткізуге мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: шығармашылық, мұра, тілдік қор, көсемсөз, лингвомәдени бірлік, ұлттық дүниетаным, ұлттық құндылық.

Zh. Issaeva¹, B.T. Taspolatov², Y. Nishanbayeva³

*¹Candidate of Philological Sciences, Associate Professor
Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: zhazira.isaeva@ayu.edu.kz*

*²Candidate of Philological Sciences, Associate Professor
M. Auezov South Kazakhstan University*

(Kazakhstan, Shymkent), e-mail: taspolatov73@mail.ru

*³Master's Student of Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University
(Kazakhstan, Turkistan), e-mail: nishanbaevva@mail.ru*

National Character of Linguocultural Units in the Creative Heritage of M.Zh. Kopeiuly

Abstract. In this article, the national character of meaning and content in the linguistic and cognitive field of linguocultural units from the unique work of the famous poet, scientist Mashhur Zhusup is considered. It is not difficult to identify linguistic and cultural units in the works of Mashkhour Zhusup Kopeiuly, which reflect the characteristic features of the natural nature of the Kazakh people, the National way of thinking, and the traditional model of worldview. In the written heritage of Mashhur, which covers in detail the socio-social, spiritual and domestic state of the Kazakh country in that period, life and cultural background, economic care, Customs and traditions, thinking system and political and social cognition, there are many examples of literary and artistic methods and techniques. Based on linguistic and cultural units of national significance in the development of the spiritual heritage of mashhur Zhusup, the modernization of the scientific space of National Quality, the national consciousness of our people, which has been sharpened for many years, is an urgent problem today. The linguistic personality, which is determined based on ethnocultural units in the writer's works, is studied from the point of view of national cognition, and specific conclusions are summed up. On the basis of the speeches of M.Zh. Kopeiuly, the features of the reflection of social changes in the life, Life principles and worldview of the people are formulated using examples from the course of his works in the journalistic genre in the creative world. Linguoculturology is one of the sciences that describes the linguistic and cultural information of the people's culture and the vocabulary of people who use this language, shows the national culture to other peoples through their spoken language, raises the status of the national spirit and language, brings the linguistic heritage of the country to its peak and transmits it to future generations, can both create and shine linguistic evidence in the national sign. Identification of linguistic and cultural models in the works of Mashhur Zhusup Kopeiuly and writing this scientific research work will allow us to deeply study modern culture, ethics, aesthetics, ethnolinguistics and, through this, to show the original character of the people, to convey to future generations the whole beauty and significance of the language.

Keywords: creativity, heritage, language foundation, journalism, linguocultural unity, national worldview, national value.

Ж.И. Исаева¹, Б.Т. Тасполатов², Ю.А. Нишанбаева³

¹кандидат филологических наук, ассоциированный профессор
Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: zhazira.isaeva@ayu.edu.kz

²кандидат филологических наук, доцент
Южно-Казахстанский университет имени М. Ауезова
(Казахстан, г. Шымкент), e-mail: taspolatov73@mail.ru

³магистрант Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмеда Ясави
(Казахстан, г. Туркестан), e-mail: nishanbaeva@mail.ru

Национальный характер лингвокультурных единиц в творческом наследии М.Ж. Копейулы

Аннотация. В данной статье рассматривается национальный характер сущности и содержания языково-познавательного поля лингвокультурных единиц из уникального творчества известного поэта, ученого Машхур Жусупа. Из произведений Машхура Жусупа Копейулы нетрудно выделить лингвокультурные единицы, отражающие характерные черты, характерные для естественного мира казахского народа, национального мышления, традиционной модели мировоззрения. В письменном наследии Машхура, всесторонне охватывающем общественно-социальное, духовно-бытовое состояние, жизненное и культурное поле казахского народа того периода, хозяйственное хозяйство, обычаи и традиции, образ мышления и политико-общественное познание, отражены некоторые образцы литературно-художественных приемов. Актуальная проблема сегодняшнего дня- модернизация научного пространства мысли Национального качества, национального сознания нашего народа, ставшего на долгие годы шершавым, исходя из лингвокультурных единиц национального содержания в освоении духовного творческого наследия Машхур Жусупа. Языковая личность, определяемая на основе этнокультурных единиц в трудах писателя, обобщается на конкретные выводы, изучаемые с точки зрения национального познания. На основе высказываний М.Ж. Копейулы сформулированы особенности проявления общественных изменений в жизнедеятельности, жизненных позициях и мировоззрении народа на примерах, полученных в ходе его творчества, написанного в публицистическом жанре в творческом мире. Лингвокультурология-одна из наук, описывающая языково-культурную информацию народной культуры и лексики людей, использующих этот язык, представляющая национальную культуру другим народам через свою речь, повышающая статус национального духа и языка, выводящая на вершину и передающая языковое наследие страны будущим поколениям, способная как создавать, так и освещать языковые свидетельства на национальном уровне. Выявление лингвокультурологических моделей в произведениях Машхура Жусупа Копейулы и написание этой научно-исследовательской работы позволяет нам глубоко изучить современную культуру, этику, эстетику, этнолингвистику и тем самым раскрыть самобытный характер народа, передать будущим поколениям всю художественность и значение языка.

Ключевые слова: творчество, наследие, языковой фонд, публицистика, лингвокультурное единство, национальное мировоззрение, национальная ценность.

Кіріспе

Зерттегелі жатқан ғылыми мақалада лингвомәдениеттанымдық бірліктер және оның түрлеріне жеке-жеке тоқталып, лингвомәдениеттанымдық көркемсөздерді лингвокультурема ретінде қарастырып, лингвокогнитивтік және прагматикалық тұрғыдан зерделейміз.

Лингвомәдениеттанымдық бірліктер дегеніміз тіл мен мәдениеттің өзара байланысын көрсететін бүгінгі дәуірдің мәдени ұстанымдарына сәйкес ғылымның бір саласы деп айтуымызға болады.

Кез келген ақынның немесе жазушының көркем әдеби шығармасы ұлттық мәдениеттің қайталанбас құбылысы екені анық. Демек сол туынды арқылы автор сол ұлт тілінің құдіретін танытады. Сонымен бірге оның сыр-сиаптын, бітім-болмысын жан-жақты ашп түседі.

Демек көркем әдеби дүние сол ұлттың рухани құндылығы болып табылады. Осы тұста біз кезінде ел арасында кішкентайының қисса-дастандарды жатқа айтып, көзге ерекше түскен Жүсіп ақынның халық арасында бүгінгі күнде нақылға, қанатты сөзге айналып кеткен шымырлы шумақтарының лингвомәдениеттанымдық бірліктері туралы айтпақпыз. «Өз қоғамында халық арасында Мәшһүр болатын бала екен», – деп таңдай қаққан Мұса Шорманұлының сөзімен Мәшһүр Жүсіп атанып кеткен М. Көпейұлының қазақтың руханият кеңістігінде өрелі ой, өрнекті тіл кестесімен өшпес із қалдырған ізденімпаз жазушыларымыздың қатарында орны оқшау [1, 14-б].

Табиғатына дарыған табандылық пен туа бітті талантының арқасында өлең жазу өнеріне бала жастан қол артқан шығармашылық тұлғаның мұрасы сан салалы. Ел аузындағы есті әңгімелер мен ауыз әдебиеті нұсқаларын жинап бастыру мәселесіне де айрықша ден қойған Мәшһүрдің өзекті ой толғамдары мақала түрінде де қалың жұртшылыққа кеңінен таралып отырды. Аса зерделі кісінің асыл қадір-қасиетін соншама терең сезіне алған Мұхтар Әуезов М.Ж. Көпейұлына былай деп баға берген: «Тек өзі шығармашылықпен айналысып қана қоймай, көне үлгілерді жазып алып, бізге дейін жеткізе алған Мәшһүрдің еңбегі қазақ әдебиеті үшін жеткілікті дәрежеде екендігін мәңгі есте сақтағанымыз дұрыс болып табылады». Үнемі қозғалыс күйіндегі уақыт керуенімен қатар құбылып отыратын заман келбетін, өмірдің сан тарау түбірлі мәселелерін, уақыт тынысы мен соған сәйкес қалыптасатын таным-түсініктердің бағытын айқындап отыратын бұқаралық ақпарат құралдары Мәшһүр заманында айрықша қанаттанғандығы белгілі.

Зерттеу әдістері

Зерттеу барысында зерттеудің лингвистикалық әдіс-тәсілдерінің бірнеше түрі пайдаланылды. Олардың негізгілері – дәстүрлі сипаттама әдісі, лингвистикалық талдаудың семантикалық, этнолингвистикалық, компоненттік, сондай-ақ тілді танымдық-логикалық, логикалық-философиялық тұрғыдан талдау әдістері.

Талдау мен нәтижелер

Өмір ағысында орын алып жатқан өзекті мәселелер мен көкейкесті тақырыптарға табанды идея, бастамашыл толғамдарымен түрткі сала білген сол ілгерінді топтың көрнектісі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы да қалың көпшілікке арналған мақалаларын басылым беттерінде жариялап отырды. Көбінесе, «Дала уалаяты», «Айқап» сынды айтулы басылымдарға шығып отырған қаламгердің мақалалары тақырыптық жағынан жан-жақты, ұлттық мазмұнға бай, ең бастысы ғылыми негізділігімен құнарлы ерекшеленді. Айтылар сөздің мәйегі терең астарлы болып келетін ой-байламдардың нақтылығы, келтірілген дерек көздердің нанымдылығымен ерекшеленетін Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының еңбектері әсіресе, ұлттық сипатының басымдығымен және тарихилығымен құнды.

Бұл орайда, автор ұлт тілінің лексикалық байлығын асқан шеберлікпен ұтымды түрде пайдалана білгендігін атап кетуіміз қажет. Ол өз заманының шынайы келбетін, ұлтының мінез машығын, дәстүрлі дүниетанымын, оның өткені мен бүгінін таза ұлттық мәніндегі лингвомәдени бірліктер арқылы танытып отырды. Мәселен Мәшһүр өзінің «Баянауылдан» деп аталатын мақаласында тарихтың қалың қатпары жасырған бірталай мәнді жәйтке қозғау салатын жер-су аттары бар. Шынында, «Кең далада емін-еркін көшіп-қонып тіршілік еткен қазақ ру-тайпаларының өздері иелік ететін мекендер, оның таулары мен шың-құздары, жоталары мен шатқалдары, өзендері мен көлдері, қайнар бастаулары мен бұлақтары,

аңғарларына дейін қалыс қалдырмай ат қойып, айдар тағып отыратындығы белгілі» [2, 316-б]. Бабаларға құтты қоныс, мал-жанға нулы өріс болған сайын даланың әрбір мекенінің атауы оның дүниеге көзқарасының, интеллектісінің, тарихи жадының, тұрмыс-тіршілігінің, мәдени өресінің көрсеткіші. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының тіл қолданысындағы Көкшетау, Итемген Мамай, Қарағайлы, Ақмырзаның Қарасуы, Ереймен, Ақмола, Олжабай сөресі, Едіге сөресі, Шорман тамы, Тайбай көлі, Үшмырзаның көлі сынды тізбектеліп жатқан жер-су атауларының ұлттық мән-мазмұнымен қатар, тарихи танымдық ролі теңдессіз. Бұл жердегі там - мола, бейіт мағынасында, ал сөре – бәйгеден, жарыстан озып, бұрын келген жерді белгілейтін көмбе, мәрені айтқан. [3, 311-б.]. Сонымен қатар, Ақмола – кейбіреулердің таяз түсінігіндей құбыжық атау емес, қазақ даласында кеңінен тараған Ақтөбе, Аққала, Ақкент тәрізді топоним. Бұл арадағы ақ сөзі тек түр-түстік мағынаны ғана емес, әлеуметтік символикамен шектелетін ауқымы кең «ақ», «аппақ», «адал», «қасиетті-қастерлі» деген ауыспалы метафоралық, бейнелеу мағынасында да кеңінен қолданылады. Ал Ақмола атауы болса, «қабырстан» мәнінде ғана емес, «көне мекен-жайдың орны, ата-бабалардың сүйегі жатқан қасиетті белгі, нышан» [2, 30–31-бб.].

Қазақтың ежелден келе жатқан дәстүрлі мәдениетіндегі осы жер-су атауларына байланысты ұлттық ерекшеліктің бұзылуын сырт елдердің басқыншылық әрекеттерінің салдары ретінде атап көрсеткен ғалымдардың бірі – Мекемтас Мырзахметұлы. Ғалымның айтуынша, сырт басқыншылар тарапынан бұзылған сол дәстүр жалғастығының салдарынан жер, қала, облыс атаулары сынды макротопонимикада жеке адамның атын беру жайы орын алып кеткен. Ал қазақ халқының байырдан келе жатқан қоғамдық құрылысы рулық жүйеге негізделетіндіктен, кісі атымен тек шағын ауылдар ғана аталынған.

Қазақтың өткен тарихындағы ханнан кейінгі жоғары лауазымды бедел иелерінің жайын анықтайтын лингвомәдени бірліктерге би атауының жататындығы белгілі. Қазіргі тілдік қолданыстан ысырылып қалуына байланысты мән-мазмұны көмескілене бастаған бұл атау сөз жөнінде лингвист-ғалым Р.Сыздықова: «Би сөзі негізінде ХХ ғасырдың 2 жартысындағы нақты заң термині болып саналады. Бірақ ол әр дәуірде әртүрлі мағынаға ие болып келген сөздердің бірі. Би деп Абайдың тұсындағы әрбір болыстықта сайланып қойылған заң жүргізуші адамды айтқан» деген анықтама береді [4, 160-б.]. Қазақтың сөз саптауында, әдетте, бұл атау би-шешендер деген қосарлы тіркес түрінде қолданылатындығын ескерсек, аталмыш лауазымның өзі тұлғаның жеке басына тән қасиеттермен байланысты екендігін аңғарамыз. Билік жоралғысының шешендік өнермен тығыз байланысты екендігі Ш. Уәлихановтың пікірінен де нақты көрініс тапқан. Түп қазығы түркілік өркениет дәстүрімен бекіп қалыптасқан хандық жүйенің іргесін қақыратып, соның салдарынан ұлттық рухтың әлсіреуі отаршыл патша үкіметі жүргізген саясаттың кесірі. Аталас руларды өзара атыстырып-шабыстырып, жік-жікке бөлінуге түрткі болған болыстық сайлау тәртібінің енуі қазақтың бойындағы ең ірі деген екі қасиетті көзден ғайып қылып тынды. Осы зәрулікті тереңінен сезіне білген Мәшһүр Жүсіптің бұл мәселеге қатысты қалам шалдырмауы мүмкін емес еді. Бодандық қамытында бұлқынған ұлттық рухтың трагедиялық ахуалына алаңдаған Мәшһүр Жүсіп осыған қатысты өзекжарды ой өрімін тарихи тағылымы тереңге бойлаған есті естеліктерді қалың жұртшылыққа насихаттау ісіне ерекше көңіл бөлгендігі осы бір мақаладан анық сезіледі.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының кез келген шығармаларында мақал-мәтелдердің жиі қолданылғанын байқаймыз. Мақал-мәтел ауызша дамыған әдеби тілдің ең ықшам, ең «ақылды», ертеде пайда болып, әр заманның керек етуіне қарай үздіксіз толығып отырған көркем сөз үлгісі. Мақал-мәтелдер – халықтың тұрмыс-тіршілігін, ой-өрісінің кеңдігін, логикалық пайымдау қабілеті мен өлшемдерінің тереңдігін, этикалық бағасын, эстетикалық талғамдарын бейнелейтін және осы өлшемдерді ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін тілдік конструкциялар. Мақал-мәтелдердің шығу уақыты мен алғашқы айтушылары белгісіз.

Сондықтан ұлт қалыптастырған бұл афоризмдер бүгінгі күнге дейін бастапқы күймен немесе сол мағынадағы ұқсас өрнектермен жетуі мүмкін [5, 109-б.].

Ұлттық дүниетанымның тереңінен орын алып, рухани мәдениетіміздің көрсеткіші саналған мақал-мәтелдер жазушы, тарихшы, фольклорист Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларында да автордың лингвомәдени прагматикасына сәйкес қолданыс табады. Ойшылдың жинаған мақал-мәтелдері мен афоризмдерін айта кетсек. «Иесін сыйлағанның итіне сүйек сал!»; Қазақ мақалы: «Дүние бір күн бетін көрсетеді, Бір күн көтін көрсетеді...»; «Ақылы жоқтың, жақыны жоқ, тойғанға тоң жоқ»; «Қашқан түлкі қызыл көрінеді, Жалаңаштікі ұзын көрінеді»; «Жұртта қалған жөке арқан, Алып, кімді бай етеді, Қалып, кімді жарлы етеді?»; «Көңілсіз жұмыстан көтсіз бала туады»; «Сүт сүйек өсіреді, Киім көңіл өсіреді»; «Баланың жеңін ұшын жамаса, Қарыс бойы өседі»; «Аман – айтуға, Есен – естуге, Семіз – көруге!»; «Малды кісінің дұшпаны көп болады, ғылымды кісінің досы көп болады»; «Кіресі кірмей, шығасы шықпайды»; «Байлық – мұрат емес, Жоқтық ұят емес!»; «Сөз тапқанға қолқа жоқ!»; «Көшкен елдің көмеші болса, Ерулі елдің ерулігі бар»; «Әр адамның құдайы – өзінің ары»; «Тозған елді там жинар» және т.б. көптеген осы секілді мақал-мәтелдерді, нақыл сөздерді келешек ұрпаққа мұра ретінде қалдырған Мәшһүр Жүсіптің ғұламалығына тәнті боласың [6, 10-б.].

Қазақтың тідік қорындағы «мұра» сөзінің де таза ұлттық сипатымен ерекшеленетіндігі сөзсіз. Бұл ұғымға қатысты «Атаның еккен ағашы ұрпағына сая», «Алдыңғыдан қалған мұра, кейінгіге сарқылмайтын қазына» деген мазмұндағы көрнекті ой түйдектерінен құралған мақал-мәтелдеріміз аз емес. Мәшһүрдің «Баянауылдан» атты мақаласында осы қарастырылып отырған «мұра» ұғымына қатысты Мәшһүр Жүсіптің мынадай бір мәнді ой үзігі бар: «Ғылым – пайғамбарлардан қалған мұра. Яғни, пайғамбарлардың, бұрынғы өткен хандардың, жақсылардың қылып өткен өнері – мұра. Мал бағу – байдан қалған мұра» [8, 329-б.].

Қазақ халқының мәдени өмірінің көрінісі ұлттың паремиологиялық қорынан ерекше байқалады. Өйткені қазақ паремиологиясы халық өмірінің бір көрінісі, бейнесі. Бұл көріністе ұлттық мәдени маңызы бар ақпараттардан жинақталып, ұлт менталитеті тұтастай қамтылады. Мысалы қазақта бір мақал бар: «Ер туған жеріне, ит тойған жеріне». Халық бұл мақалдың айтуын білсе де, мағынасын толық біле бермейді. Мәшһүр-Жүсіптің айтуы бойынша бұл хадис шарифпен байланыстырыла айтылған сөз. Топырақ – Адамның асыл шыққан жері, рухының өрбіп-өндіген жері. Құдай тағаланың саналы құлының денесінің шыққан жері – топырақ. Шын жұрты, шыққан жұрты – ақырет ғаламы. Ал жалған дүниеде ішпек – құспақ үшін жүрген иттің барар жері – тойған жері екен. Ақырет жұмысын қоштап, соның жабдығын ойлайтын ер-жігіттің есі-дерті: туған жері сонда болады. Ер болмаған, ерлік ісін қыла алмаған адам – жұртта қалған жемтік өлексені қиып кете алмаған иттей болып, дүние шылығымен алданып қалады.

«Қарға табанымен басып жейді, сұңқар шашып жейді». Оның мәнісі – қарға: «Басқаға пайдам тисін, сарқытымды кім болса, сол жесін», - деп, жан-жағына шашып отырады екен. Сондай болғаны үшін қазақ мақалында бұл сөзіне бар: «Қарғаға – балшық, сұңқарға – талшық» дейді. Бұл мінезден алар өнеге табылады. Тіпті аралардан да өнеге алуға болады екен. Адам: «Мен дәнеме білмеймін!» деп қол қусырып отырмай, бұл тышатұғын ара қалай ұя жасайды? деп араларға қарап, өнерге тырысу керек екен. Қазақ халқында: «Өнерлі өрге жүзеді!» деген сөз бар.

Қазақта бір сөз бар: «Тұрымтай екеш тұрымтай да тайлы биенің етін жейді» деген және «Бір тауыққа һәм дән керек, һәм су керек» деген. Осы сөзден де алар ғибрат бар. Оған мына бір хикаяны мысал келтірсем: Байғыз деген құс бар – кәріптікті (ғариблықты), бейшаралықты мойнына алып, таста жатады. Қайда бұзылған ойрана жай болса, сонда жатады, су ішпейді, бидай, тары жемейді, аузында көлденең тістеген қылдан да жіңішке жалғыз шөп болады. Оны да жемейді, құр тістеп жүрсе керек. «Бір нәрсені қорек қылып

жейтұғын болсам, соның қызметінде болып, бейнетке қалсам керек!» деп сол үшін ешкімнің көзіне түспейді, жанға көрінбейді. Тақ Сүлеймен пайғамбарға барша құстар қызметкер құл болғанда, ол келмеген. Сонда Сүлеймен патша:

- Не үшін маған келмейсің?! – дегенде:

- Менің жалған дүниеден керек қылған нәрсем жоқ. Сенен не іздеп келейін? - деген екен.

Бұл сөзбен құлдықтан халас болған. Адам мұны ойлап пікір қылу керек. Ұшқан құсты торға түсіретін, жүйрік аңды орға түсіретін тамақ екен. Жұтқын тамағына ие болған адам торға да түспейді, орға да түспейді. Осы күнгі адаммын деп жүрген адамдардың жауы иегінің астында болып кетті. Ол жау не десеңіз – жұтқан тамақ: жалғанда мазаққа, ақыретте азапқа түсіретін – тамақ. Тамақтан тартынған бәрінен халас (көп бәледен аулақ болу) болады.

Мәшһүр-Жүсіптің бала күнде би Мұса Шорманұлынан естіп, жазып қалдырғаны:

«Қарадан хан қойса, қасиеті болмайды.

Үлгісізден би қойса, өсиеті болмайды.

Кәлимасыз пір болса, кереметі болмайды.

Алалы тұяқ, арам мал берекеті болмайды.

Атадан қалған адал мал әрекеті болмайды»;

Бұл өлеңдегі «қарадан» дегені – қарапайым халық арасынан таңдалған хан туралы айтылады. Қай заманда болмасын хан текті, үлгілі, оқымысты әулеттен сайланып отырған және қара халық пен ханның қоғамдағы орны, қадір-қасиеті жер мен көктей болған. Кез келген билік басына келген сұлтан үлгі көрсете алатын, елді басқара алатын, көрегенді адамдар сайланып отырған. Сонымен қатар, өлең жолдарында келтірілген «алалы тұяқ, арам мал» тұрақты сөз тіркесі молшылық, тоқ тіршілік, мыңғырған мал мағынасында келеді және жинаған мал таза еңбекпен емес арам жолмен, ұрлық-зорлықпен келген болса, берекеті болмайтыны, немесе ол мал адал болып, атадан балаға мұра болып қалған болса да, мандай термен табылған малдың әлдеқайда берекелі болатындығы айтылған [7, 104-б.].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының көсемсөздерінде оқырманға түсінікті болуы үшін ұлттың ана тіліндегі фразеологизмдер, эпитет және теңеу секілді көріктеу құралдары қолданылады: «көңілі сүйген, қолдың кірі, әдеп көрген, хат таныған, сыр мінез, ауызға ілінген, машық қылып, қанын ішіне тарту, түгін сыртына шығару, араның ызылдағанындай, тойға келген қыздай, қолға ұстаған мұздай, көнектен шошыған биедей, шөптің басынан үріккен қойдай және т.б.». Ғалым Ербол Несіпбайұлы Жанпейісов: «Жазушы тілдегі бейнелеу құралдарын әр алуан көркемдік бояу бере пайдаланады. Бұл орайда ауызекі сөйлеу тіліндегі қарапайым сөздер де, мақал-мәтелдер де, эпитет және теңеулер де, тілдің басқа да барлық бейнелеу құралдары шығарманың жалпы идеялық, тақырыптық арқауына лайық, жаңа бір мағыналық астар алып, стильдік функциясы арта түседі» [9, 17-б.], – деп жазушының еңбектерін ерекше бағалайды.

Жалпы түркі халықтарының өмір сүру дағдысына байланысты қалыптасқан түсініктері мен құндылықтарының негізіне сан ғасырлық өмірлік тәжірибесі мен өмір сүру қалпы ғана әсер етіп қоймай, сонымен қатар әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі, діні мен наным-сенімінің де ықпалы зор. Сол себепті ана тіліміздің байлығы, даналық сөздер мен нақыл сөздердің, мақал-мәтелдердің лексикалық құрамына назар аудара отырып, бүтінбір халықтың ділі мен дүниеге деген көзқарасына қатысты құнды деректер ала аламыз.

Тарих қойнауында сұрыпталып жинақталған даналық көздері қазіргі таңда жаһандану заманында даму үстіндегі нигилистік көзқарастарға қарсы тұратын дүниелер болып табылады. Оларды талдау, зерделеу, насихаттау арқылы ұлттық мәдениетімізді сақтауға, әрі қарай өрбітуге мүмкіндіктер ашатыны анық. Бұлар қазіргі жастардың философиялық мәдениетін, ойлау деңгейін біршама көтереді. Жастарды өмірлік құндылықтар рухында

жүйелі және саналы түрде тәрбиелемей, тек материалдық игілік жолында тәрбиелеудің табысты болмасы анық. Өйткені қазіргі прагматизм – табыскерлік мүддені жоғары қоюшылық руханилықтан алшақ құндылықтарды егетіні белгілі. Тілдің дамуындағы көркемдік сипатты қадірлеу түркілік кезең үшін өте маңызды болғанын білеміз. Кез келген мәдениеттің тамыры тарих қойнауына тереңдеп кетеді. Өткен ұрпақтың рухани мұрасын игеру, тарихи жадыны қалпына келтіру еліміздің гүлденуіне, қоғамның рухани дамуына мол мүмкіндік береді. Инжу-маржандарға жататын дүниелерге философиялық пайымдаулар жасап, әрбір сөзінің мағынасын ашу, өмірмен байланыстыра тұжырым жасауға үйрету халықтың этикалық санасының деңгейін көтереді [10, 15-б.].

Салт-дәстүрге бай қазақтың бесік құда, бел құда, қалың мал, қыз айттыру сынды рәсімдері – мәдени коннотация мәніндегі этномәдени (лингво) бірліктерді құрайды. Мәшһүр Жүсіп өзінің еңбегінде қазақтың салт-дәстүрлерінің бірі – қыз айттыруға тоқталып, оған өз ойын, пікірін білдіреді. Оның айтуынша: «Кішкентай балаға жастайынан қыз айттыру мүлде қате дүние. Әркім жасы келіп, өзінің көңілі қалағанын таңдағаны дұрыс. Қазақтың ескі салты бойынша қыз бен жігіттің ата-аналарының бір-біріне берген сөздері. Тіпті, қызығы мұндай келісім жастардың бесіктегі періште шағында да жасалған. Егер қыз жақ жігіт жақтың ата-анасының айтқанына келісіп, келешекте қызымызды береміз десе, жас сәбилер атастырылды деп саналған және сол кезде қалыңмалын алатын болған. Ал өздерінің атастырылғандықтарын өсе келе білген жасөспірімдер қосылуға мәжбүр болған.

«Қазақ айтады ғой, «жақсы анадан» деп, соған қарағанда, егер анасы жақсы болса, содан туылған бала да жақсы болады. Адамның өнерпаз немесе білгір, ақылды болуына ата-анасы тікелей әсер етеді. Оның ішінде ананың тәрбиесі ерекше орын алады. Ана деген надан, ілімсіз, меңіреу біреу болса, содан туған бала қалай оңбақ?!» деген ой байламы Абай кемеңгердің көзқарасымен үндеседі. Әйел затының қоғамдағы рөлі, ұлттың кемелділігін қамтамасыз етудегі ықпалы жөніндегі ұлттық таным-түсінік осы тұста ғажап көрініс беріп тұр. Келмеске кеткен «кеңестік» тәрбиенің әсерімен «Қазақ қоғамында әйел заты төмен саналған. Совет заманы орнағанға дейін қазақтар қыз-келіншектерді қорлап, теңдік бермеген. «Әйел теңсіздігі» дейтін түсінік соған байланысты туындаған...» [8, 30-б.], деген сықылды жаңсақ түсінікті күні бүгінге дейін малданып келе жатқандығымыз жасырын емес. Ал Мәшһүр Жүсіптің пікіріне назар салар болсақ, бұл ұғым-түсінігіміздің біздің ұлттық дүниетанымымызға ешқандай қатысы жоқ, тіпті шындыққа жанаспайтынын етене сезінеміз. Керісінше, әйел заты – ұрпақ тәрбиесінің ұйтқысы, отбасылық берекенің бапкері, өнегенің өрісі ретінде қоғамдағы әлеуетті күш ретінде бағаланғандығы жақсы ашылған. Осы келтірілген ой түйіннің барысынан қазақтың ұлттық дүниетаным моделіндегі өзіндік сипат пен құндылықтардың жайын пайымдау қиын емес. Көшпенді тұрмыс-тіршілік жағдайында ен даланы еркін мекендеген қазақ тербелген желдің ескенінен, жөңкілген бұлттың көшкінінен, ұшқан құстың қанат қағысынан тағысын тағы айнала қоршаған ортаның тыныс-тіршілігінен жаратылыс заңдылықтарын жазбай тани білген пайымы парасатты халық. Бұл туралы ғалым Ж. Манкеева: «Табиғаттың айтқанына, жағдайына икемделу – адамзаттың асыл қасиеттерінің бірі. Халық пен қоршаған ортаны бірдей ұғым деп қарау, әсіресе, қазақ мәдениетін, психологиясын түсіну үшін өте керекті нәрсе», – дейді. Сондықтан да қозғалыс заңы күн жүйесіне бағындырылған табиғаттың тылсым болмысындағы адам затымен арадағы үйлестік қазақтың сөз өнерінде поэтикалық образдар жүйесін құрап жатыр. Мәшһүр Жүсіп өзінің «Қазақ шежіресі» деп аталатын шығармасында: «Қазақ халқында айтарлықтай анық бір шежіренің жоқтың қасы. Оқу-тоқуды да керек қылмай, көшіп-қонып жүре берген. Енді сол білімнің-ғылымның жоқтығынан әдебиетте ойып орын алатындай қандай да бір шежіре де жоқ. Естіп алғанын әрқашан жадында сақтайтын, құлағына құятын, көкірегі ояу, білімді кісілер де болған. Сөндай жандардың айтуыменен көкірегі хат, естігені, көргені жат болған қариялар кейінгі ұрпаққа ауыздан-ауызға жеткізу арқылы нақыл сөздерін, өсиеттерін қалдырған», – деп тарихтың қалың қатпары жасырған бірталай мәнді жайтқа қозғау

салатыны бар. Адам баласына бойдағы нәрін беретін әйелдің – анаға, көктен қуат нұрын сіңіретін күнді – атаға теңеудегі ұлттық дүниетаным айшықтары соның айғағы. Олай болса, әйел – жер бетіндегі тіршіліктің ұйтқысы деген ұлағатты ұғым түсінікті жаңғыртуда Мәшһүр Жүсіп ой толғамының мәні зор. Бұл ретте ғұламаның тағы бір ой тұнбасының мәнісі, өнер-ғылым лингвомәдени бірліктері былай болып келеді: «Адам баласына өлгенде сүйегімен бірге кететін, өз басына біткен өнерінен артығының мүлде қажеті жоқ. Өнеріміз мұсылмандікі не орыстікі болсын, ғылым үйренуді парыз деп санау керек. Ғылымсыздықтан келген нәрсенің құны да жоқ, ілім-білім үйреніп, көзі ашықтар қатарынан болуға ұмтыл. Өнерлі болған кісі өнерін шашып, жұртшылыққа үйрету арқылы ғана өнерпаз болады. Ғылым бұл ер мен әйелге теңдей керек нәрсе. Кейбір адам «Әйел адам ұстаз болып оқушыны ғылымға үйрете ала ма?» Әйел баласын білімді қылудың бізге керегі қанша?» деп ойлайды. Жоқ, негізінде олай емес. Ойлап қарасаңыз, ер азаматтың білімді болғанынан әйел адамның ғылымының пайдасы көп. Өйткені, үйде отырса да келешек ұрпақты тәрбиелеуші, оның ғылымының, өнерінің пайдасын өзінен туған балалары көреді». Жалпы «соцреализм» әсерімен енген жасанды таным түсініктен ой санамызды толыққанды түрде тазалап, жадымызды жаңғыртуда Мәшһүр Жүсіптің осы мәндес ой тумаларын турасынан талғап, тереңінен талдау жүргізудің қажеттілігін сезініп отырмыз.

Сөз басында айтқанымыздай, бала жастан өлең жазумен айналысып, тәжірибе жинақтай келе туған халқының ұлттық сөз қорының сөлін бойына бар қуат-нәрімен сіңіре білген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының рухани-шығармашылығы аса күрделі құбылыстардың қатарына жатады. Оқырманның ой-санасын баурап, жадыға қиындықсыз орнығатын ой оралымдарының үйлесімділігімен, астары қалың тұрақты тіркестер мен көркемдеуіш элементтердің өрілу шеберлігімен, сан тарау таным сабақтастықтарының жүйелілігімен ерекшеленетін көріктеу құралдарының ұтымды қолданысы ғұлама-ойшыл Мәшһүр Жүсіп қолтаңбасының ен таңбасы. Бұл тұжырымымызды мәшһүртануға байланысты З. Қабдоловтың: «Ата-бабаларымыз тарихи тұлғаны, қоғам қайраткерлерін көзі тірісінде де, о дүниеге кеткен соң да сыйлай білген. Бүгін біз жыр етіп айтып отырған Мәшекең де солардың қатарынан. Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің еңбектерінің танылып, таралуы тек Баянауылмен ғана шектелмейді. Өз басым 80-жылдардың басында этнографиялық экспедицияда жүргенде Омбы қазақтарының қолынан талай қолжазбаларын, суретін көріп едім. Зерттеушілер бұл тұлғаның осындай жақтарын да тереңірек ашып зерттесе құба-құп. М.Ж. Көпеев тек әдебиетшілер үшін ғана емес, тарихшылар үшін де көп мұра, біршама дерек қалдырды. Өкінішке қарай, біз оны әлі толық игере алмай жатырмыз. Біздіңше, «Жаңа жолдағы» Мәшһүр Жүсіп кесенесі Баянауыл – Екібастұз аймағындағы үлкен мәдени-рухани орталық болып қалыптасуы керек. Мәшһүр кесенесінің шырақшылары елді ислам нұрына бөлеп, діни білім беріп отырса, артық болмас еді. Сондай-ақ, Павлодар немесе Астана қаласында Мәшһүр Жүсіп Көпеевке арналған мұражай-үйі ашылуы керек деп есептеймін» [11, 245-б.], – деген пікірі де қуаттайды.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, есімі бүкіл қазақ даласына танысмал болған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының адам рухын асқақтандыратын туындыларындағы ұлттық негізді құндылықтардың танымдық мәні орасан екеніне көз жеткіздік. Оның еңбектеріндегі лингвомәдени бірліктер автор тіліндегі ұлттық діл, ұлттық менталитет, ұлттық көзқарас пен ұлттық ойлау жүйесіндегі интеллектуалдық әлеуеттің жайын кеңінен көсіле танытады. Ғұламаның шұрайлы стильдік қолданысындағы кеңінен қолданылған эпитеттер, теңеулер, ұлы даланың паремиялогиялық қорындағы рухани мұралар, бір жағынан, өр тілдің өрнек бояуын, ұлттық ерекшелігін, қайталанбас қасиетін танып білуге, екінші жағынан, ұлттық кодты, ұлттық болмыстың ерекше қасиеттерін ашуға, жастарға патриоттық тәрбие беруде айрықша мүмкіндік берері сөзсіз. Халық даналығының мән-мағынасын, қолданылуын өсіп

келе жатқан әр жас ұрпақ біліп өсуі қажет. Танымдық, аргументтік, тәрбиелік қырларымен де құнарға бай Мәшһүр Жүсіп рухани шығармашылық мұрасын игеруде ұлттық мән-мазмұндағы лингвомәдени бірліктерді негізге ала отырып, халқымыздың талай жылдар тезінде қайрандап қалған ұлттық сападағы ғылыми ой кеңістігін, ұлттық санасын жаңғырту мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесі деп білеміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мәшһүр Жүсіп Көпеев / Құраст.: С.Е. Нұрмұратов, Б.М. Сатершинов, А.Д. Шағырбаев. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2013. – 359 б.
2. Жанұзақ Т. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. – Алматы: Сөздік-словарь ЖШС, 2010. – 356 б.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 13-том / Құраст.: А. Фазылжанова, Н. Оңғарбаева, Қ. Ғабитханұлы және т.б. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2010. – 752 б.
4. Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. – Алматы: Арыс, 2014. – 613 б.
5. Ершаева А.Р., Ескеева М.Қ. «Қорқыт ата» кітабындағы адамға қатысты паремиялардың қазақ тілінде сақталуы мен дамуы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2022. – №3(125). – Б. 107–115.
6. Абдуллаева Қ.М. М.Ж. Көпейұлы публицистикасындағы лингвомәдени бірліктер // Ш. Уәлиханов атындағы КМУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2019. – №4. – Б. 6–11.
7. Көпейұлы М.Ж. Көп томдық шығармалары. 2-том. – Алматы: Алаш, 2003. – 432 б.
8. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 13-том. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2018. – 385 б.
9. Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. – Алматы: Ғылым, 1968. – 265 б.
10. Қосымова Г.С. Абайдың толық адам тұжырымының бастау көздері // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2022. – №3(125). – Б. 7–19.
11. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Санат, 2002. – 360 б.

REFERENCES

1. Mashhur Jusip Kopeev [Mashhur Zhusip Kopeyev] / Qurastyrushylar: S.E. Nurmuratov, B.M. Satershinov, A.D. Shagyrbayev. – Almaty: QR BGM GK Filosofia, saiasattanu jane dintanu instituty, 2013. – 359 b. [in Kazakh]
2. Januzaq T. Tarihi jer-su attarynyn tuptorkini [The origins of historical land and water names]. – Almaty: Sozdik-slovar JShS, 2010. – 356 b. [in Kazakh]
3. Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of Kazakh literature]. On bes tomdyq. 13-tom / Qurast.: A. Fazylyjanova, N. Ongarbaeva, Q. Gabithanuly jane t.b. – Almaty: Qazaq enciklopediiasy, 2010. – 752 b. [in Kazakh]
4. Syzdyq R. Abai jane qazaqtyn ulttyq adebi tili [«Abai and the Kazakh national literary language» in the Kazakh Language]. – Almaty: Arys, 2014. – 613 b. [in Kazakh]
5. Ershaeva A.R., Eskeeva M.Q. «Qorqyt ata» kitabyndagy adamga qatysty paremiialardyn qazaq tilinde saqtaluy men damuy [Development and Preservation of Paremia about a Person in the Book of «Korkyt Ata»] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2022. – №3(125). – B. 107–115. doi.org/10.47526/2022-3/2664-0686.09 [in Kazakh]
6. Abdullaeva Q.M. M.J. Kopeiuly publicistikasyndagy lingvomadeni birlikter [The linguistic-cultural unist in M.ZH. Kopeev s publicistic writing] // Sh. Ualihanov atyndagy KMU habarshysy. Filologiiia seriiasy. – 2019. – №4. – B. 6–11. [in Kazakh]
7. Kopeiuly M.J. Kop tomdyq shygarmalary [Multi-volume works]. 2-tom. – Almaty: Alash, 2003. – 432 b. [in Kazakh]
8. Mashhur-Jusip Kopeiuly. Shygarmalary [Works]. 13-tom. – Pavlodar: «EKO» GOF, 2018. – 385 b. [in Kazakh]
9. Janpeiisov E. Qazaq prozasynyn tili [The language of Kazakh prose]. – Almaty: Gylym, 1968. – 265 b. [in Kazakh]
10. Qosymova G.S. Abaidyn tolyn adam tujyrymynyn bastau kozderi [Sources of Abai's «Perfect Man» Concept] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2022. – №3(125). – B. 7–19. doi.org/10.47526/2022-3/2664-0686.01 [in Kazakh]
11. Qabdolov Z. Soz oneri [Jeweler of the word]. – Almaty: Sanat, 2002. – 360 b. [in Kazakh]